

**Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында тексеру парақтарының нысандарын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 23 тамыздағы № 311-ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 6 қыркүйекте № 7169 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 15 қыркүйектегі № 724 бұйрығымен

**Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 15.09.2015 № 724 бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 1-тармағы 1-1) тармақшасына, «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» 2008 жылғы 29 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 6) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында және мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында тексеру парақтарының нысандары осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек департаменті (Қ.А.Манабаева) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті (С.Ғ.Бисақаев) осы бұйрық талаптарын зерттеуді және олардың орындалуын ұйымдастырсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек

және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә.Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Еңбек және халықты әлеуметтік*  
*қорғау министрі*  
*Г. Әбдіқалықова*

Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты әлеуметтік  
қорғау министрінің  
2011 жылғы 23 тамыздағы  
№ 311 - ө бұйрығына  
1-қосымша  
Нысан

### **Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету саласында тексеру парағы**

\_\_\_\_\_ (күні) \_\_\_\_\_ (толтырылған орны)  
Тексеруді белгілеген орган: \_\_\_\_\_  
Тексерілетін субъектінің атауы: \_\_\_\_\_  
Тексерілетін субъектінің байланыс деректері: \_\_\_\_\_

(заңды мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы)  
Тексеруді белгілеу туралы: « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_\_ акті

р/с №	Талаптар тізбесі	Ия/жоқ/ талап етілмейді
1.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге қажеттілікті бағалау және айқындау жүргізетін стационар және жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтердің кепілдік берілген көлемін көрсететін, арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығаратын тексерілетін бақылау субъектілері үшін	
1.1.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге қажеттілікті айқындау және бағалауды жүргізудің уақтылығы	
1.2.	Арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығарудың уақтылығы	
1.3.	Әрбір арнаулы әлеуметтік қызмет алушыға әзірленген жеке жұмыс жоспарының болуы	
1.4.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі өтініш берушілердің өтініштерін қарау мерзімдерінің сақталуы	
1.5.	Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесуді жүзеге асыру	
1.6.	Мүгедекті оналтудың жеке бағдарламасының болуы	

1.7.	Заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды, әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу	
2.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге қажеттілікті бағалау және айқындау жүргізетін үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін көрсететін , арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығаратын тексерілетін бақылау субъектілері үшін	
2.1.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге қажеттілікті айқындау және бағалауды жүргізудің уақтылығы	
2.2.	Арнаулы әлеуметтік қызметтің кепілдік берілген көлемін ұсыну туралы шешім шығарудың уақтылығы	
2.3.	Әрбір арнаулы әлеуметтік қызмет алушыға әзірленген жеке жұмыс жоспарының болуы	
2.4.	Арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету жөніндегі өтініш берушілердің өтініштерін қарау мерзімдерінің сақталуы	
2.5.	Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесуді жүзеге асыру	
2.6.	Мүгедекті оналтудың жеке бағдарламасының болуы	
2.7.	Заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды, әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу	
2.8.	Мамандық алуға жәрдемдесу	

Лауазымды тұлға \_\_\_\_\_  
(тексеруші лауазымды тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Тексерілетін субъектінің басшысы (өкілі) таныстырылды:

(Т.А.Ә., лауазымы)

20 \_\_\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(таныстырылған күні) қолы

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Еңбек

және

халықты

әлеуметтік

қорғау

министрінің

2011

жылғы

23

тамыздағы

№

311 - ө

бұйрығына

2-қосымша

Нысан

### Мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында тексеру парағы

\_\_\_\_\_ (күні)

\_\_\_\_\_ (толтырылған орны)

Тексеруді белгілеген орган: \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің атауы: \_\_\_\_\_

Тексерілетін субъектінің байланыс деректері: \_\_\_\_\_

(заңды мекенжайы, телефоны, электрондық пошта мекенжайы)

Тексеруді белгілеу туралы: « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_ акті

р/с №	Талаптар тізбесі	Ия/жоқ/талап етілмейді
1.	Мүгедектерді оналтудың жеке бағдарламасының болуы	
2.	Оналту шараларының мүгедектерді оналтудың жеке бағдарламасына сәйкес орындалуы	
3.	Заңнамада белгіленген жеңілдіктер мен артықшылықтарды, әлеуметтік төлемдерді алуға жәрдемдесу	
4.	Мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында өтініш берушілердің өтініштерін қарау мерзімдерінің сақталуы	

Лауазымды тұлға \_\_\_\_\_  
(тексеруші лауазымды тұлғаның Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Тексерілетін субъектінің басшысы (өкілі) таныстырылды:

\_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә., лауазымы)

20 \_\_\_\_ жылғы « \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_

(таныстырылған күні) \_\_\_\_\_ қолы